



# MUNAILY EKEN

«ҚАЗМҰНАЙГАЗ» БАРЛАУ ӨНДІРУ» АҚ  
корпоративті басылымы

№ 5 (469)

05/03/2018



Газет 2005 жылдың  
29 желтоқсанынан шыға бастады

## Қымбатты мұнайшы арулар!

Сіздерді 8 наурыз Халықаралық әйелдер күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын. Сіздерге зор денсаулық, баянды бақыт, еңбектеріңізге жеміс, шаңырақтарыңызға ырыс-береке тілеймін.

Көктемнің алғашқы күнімен келетін төл мереке жүздеріңізді нұрға, құшақтарыңызды ыңғай толтырсын. Сіздер отбасының жылуы, берекесі болып қана қоймай, ел экономикасының дамуына мол үлес қосып келесіздер. Кәсіби шеберлік, жоғары жауапкершілікпен еңбекте озат болып, ал ұжымның қоғамдық-мәдени өмірінде биік белестерді бағындырып жүрсіздер. Алдағы уақытта да Сіздерге толағай табыстар, қуаныштар мен жақсылықтар тілеймін. Көңілдеріңіз көктемнің, шұағындай әрдайым ашық, жүректеріңіз жылылыққа толы болсын. Адам баласы үшін ең қастерлі сөз Ана. «Алып анадан тқарады». Жарық күннің шұағын сыйлайтын ана - мейірім мен шұақтың, сұлулық пен әсемдіктің символы. Аяулы аналарымыз, ақ жаулықты әжелеріміз, қарлығаш қарындастарымыз, ардақты әріптестеріміз көктем мерекесі құтты болсын! Бақытты болыңыздар! Армандарыңыз орындалсын. Әрдайым көктем үлгідей құлпырып, шырай мен шұаққа бөленіңіздер!

Тзгі ниетпен, Құрманғазы Есқазиев,  
«ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ бас директоры



### Бүгінгі санда:



4-5

Мерекелік лебіздер



6

Мамандығыммен мақтанамын...



## «EDUCATION DAY» ЕМБІДЕ ӨТТІ



In-house  
trainer school

Invest to Success

26 ақпан күні «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ Ішкі тренерлері ITS жобасы аясында Атырау қаласында «Ембімұнайгаз» АҚ қызметкерлеріне арналған тренинг-шеберлік кластарын өткізді. «Education Day» (білім күні) шарасында ҚМГ БӨ 9 ішкі тренері 12 тақырыпта, атап айтқанда: Д.Тасқымбаев «Сапалы тауарларды, жұмысты және қызметті сатып алу – Компания стратегиясын жүзеге асырудағы табысты қадам», Ж.Жақашев «Өлшеу құралдары Цифрлық өндірістің ажырамас бөлігі», Э.Каримова «Корпоративтік мәдениет: жақсарту бағыты», «Мотивациялық әлеует формуласы», А.Қонысбаева «Қаржыгерден лайфхактар», Ж.Темірғали «Ішкі коммуникация», «Әлеуметтік желіде әдеп сақтаңыз», А.Ақын «Сатып алуды білсем,

Қырымда тұрар едім», Е.Сәбікенұлы «Мұнай өнімдерін сату», «Өзіңнен баста», Ж.Аралбаева «Жоғары тиімді адамдардың 7 дағдысы», А.Жақсиева «Менің денсаулығым – менің қолымда» тақырыптарында тренинг-шеберлік кластарын өткізді. Шараның ашылуында ЕМГ Қызметкерлерді басқару және еңбекақы төлеу департаментінің директоры Г.Шарафетдинова қатысушыларға сәттілік тілеп, сөз сөйледі. ҚМГ БӨ Қызметкерлерді басқару және еңбекақы төлеу жөніндегі департаменттің директоры, ішкі тренер Э.Каримова қатысушыларға «Ішкі тренерлер мектебі» жобасы туралы айтып берді.

3-бетте >>



8

Менің шешем...



## ҚАЗМҰНАЙГАЗДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК: БІЗ АЛҒА ҚАДАМ БАСАМЫЗ

Біздің өндіріс саламыз мезгіл-мезгіл тәжірибемізді, технологиямызды немесе философиямызды бизнесті дұрыс жүргізіп отырмыз ба, жоқ па, сол тұрғысынан қайта қарауға мәжбүрлейтін апатты оқиғаларға кезігіп отырады. Бұған Теңіз кен орнындағы апатты жағдай, 1988 жылы Солтүстік теңізде Piper Alpha мұнай платформасында болған апатты жағдай және 2010 жылы Мексика шығанағындағы Mascondo ұңғымасын игеріп жатқан платформадағы жарылыс мысал бола алады. Осы оқиғалар ЕҚОҚҚ саласын, компаниялардың қауіпсіздікке деген көзқарасын және құзыреттерді, сенімділікті арттыру жүйелерін және төтенше жағдайлар болғанда жоспарлауды басқару стилін толық өзгертіп, қайта қарауға алып келді.

«ҚазМұнайГаз» компаниясында біз регламентпен шектеліп қалмай, қызметімізді тәуекелдерді басқаруға, мүмкіндіктерімізге, технологияларымызға және қауіпсіздік бағдарламаларымызға келгенде бизнесті жүргізу мәдениетін түбегейлі өзгертеміз. Біз стандарттарға сәйкес келетін бизнес-модельден барлық компанияда келісілген стандарттарды, процестерді және рәсімдерді талап ететін және осындай өзгерістердің негізі болып табылатын алдын алу моделіне өтудеміз. ЕҚОҚҚ басқарудың жалпы жүйесінің нәтижесінде біз жұмыс істейтін барлық салаларда бізге қағидалар мен нормалардың шегінен шығуға көмектесетін біз алға қадам басамыз қағидатымен бақыланып қызметтің негізі қаланатын болады.

Бірнеше жылдың ашық деректерін жинағаннан кейін операцияларымыздың қауіпсіздік көрсеткіштеріне әсер ететін маңызды факторларын анық ұғындық. Ішкі регламентке, оқуға және құзыреттерге байланысты проблемалар – қызметіміздің сенімділігіне әсер ететін түйінді факторлар болып табылады. Жаңа деректерге ие бола отырып, жаңғырту процесінде адами факторларды қамтитын сенімділікті қамтамасыз етудің нысаналы бағдарламасын жасап жатырмыз.

Тәуекелді азайтуға арналған технологиялар маңыздылығына қарамастан, ешқандай технологиялық инновация ойланбай шешім қабылдау проблемасын шеше алмайды. Айқындаушы фактор адамдар екенін мойындаймыз. Сондықтан сенімділікті басқару бағдарламалары жұмыскерді дамытудың ажырамас бөлігі болуда және басшылардың келесі буынын олар басқаруы мүмкін органың талаптарына дайындау үшін неғұрлым қатаң бағдарламаларды әзірлеумен айналысу-



дамы. Piper Alpha оқиғасынан кейін 30 жылдан астам уақыттан кейін қауіпсіздік бағдарламасы оқиғалар коэффициенті туралы ұғым пайда болып, әлдеқайда жақсарды және бұл жалпы өте төмен деңгейде. Бағалауды және тәуекелдерді азайтуды біздің жұмысымыздың ажырамас бөлігі ететін жұмыс мәдениетіндегі өзгерістерге деген қызығушылық - бұл нақты прогреске қол жеткізуге болатын жол екеніне сенімдімін.

Біздің жаңа техникалық стандартымызда өндірістегі қауіпсіздіктің ғана болуы жеткілікті емес. Жоғары буын басшылары сатып алудан кәсіпшілік операцияларына дейін ұйымдастырудың барлық деңгейлерінде шешімдер қабылдау үшін негізгі болып табылатын қауіпсіздікті және тәуекелдерді басқару процестерін ұғыну және қабылдау және әрбір жұмыскердің бірденің салдарынан қорықпай дұрыс әрекет етуі құқығын мойындау үшін жауапкершілік көтереді.

Біздің саламыз – бұл күрделі, сан түрлі және бәсекелестік бизнес, мұнда үлкеннен бастап кіші компанияға дейін неғұрлым жоғары стандарттарға сәйкес келуі тиіс. Бірақ біз жалғыз өзіміз өзгерістерге ықпал ете алмаймыз, сондықтан осындай өзгерістерді үкіметтік деңгейде басқару үшін өнеркәсіп институттарымен және қауымдастықтармен ынтымақтау қажет. Өзара іс-қимыл жасауға дайын және шабыттанған персонал біздің алға жасайтын қадамымызда жетістікке қол жеткізу үшін озық практикаларды, технологияларды және бағдарламаларды қамтамасыз ете алады.

Құрметпен,  
Сауат Мыңбаев



## ЭНЕРГЕТИКА ВИЦЕ-МИНИСТРІ ЕМБІДЕ БОЛДЫ

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауында айтылған басым бағыттарды түсіндіру мақсатында ҚР Энергетика вице-министрі Болат Ақшолоқов пен Атырау облысы әкімінің орынбасары Жасұлан Сүйінішәлиев Компанияның басқару аппаратының қызметкерлерімен кездесті.

– «Ембімұнайгаз» АҚ ұжымы Елбасы саясатын толық қолдайды. Өндіріске жаңа технологияларды енгізу және «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында 2016 жылы «Цифрлы кен алаңы» жобасы іске қосылды. Қазіргі таңда бұл бастама Ембінің ірі кен алаңдарына таратылуда. Бұған қоса, Компанияда тұрақтылық пен жұмыс орындарын сақтау мақсатында бизнес-үдерістерді оңтайландыру, өндіріс тиімділігін арттыру, жаңа кен орындарын ашу және бар-

лау бағытында ауқымды жұмыстар қолға алынауда. Ал, адами капиталды дамыту бағытында Компания мұнай-газ саласына мамандарды даярлау үшін қомақты қаржы бөліп келеді», – деп атап өтті ЕМГ Басқарма төрағасының бизнесті дамыту жөніндегі орынбасары Бауыржан Балжанов.

Вице-министр Б.Ақшолоқов Елбасы Жолдауында айтылған міндеттерді іске асыру жолдарын түсіндіріп, соның ішінде, Атырау облысы төңірегінде біраз жұмыс атқарылғанын айтты. Болат Оралұлы технологиялық жаңғыру арқасында экономиканы жалпы цифрландыру керектігін сөз етті. Индустрияландыру жаңа технологияларды енгізудің көшбасшысына айналуы тиістілігі міндеттелген Жолдаудың бірінші бағыты бойынша, Энергетика министрлігі өз құзыреті шегінде 2017 жылдан бастап энергетика секторында және экология саласында цифрландырудың бірқатар жобасын жүргізуде.

## БАСШЫ ӨНДІРІСТІ АРАЛАДЫ



«Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы Әнуар Жақсыбеков «Жайықмұнайгаз» басқармасында болып, өндірісті аралады. Бүгінде басқармаға қарасты 10 кеніш бар. Соның ішінде Солтүстік Жаңаталапта С.Балғымбаев кен орнындағы газ дайындау қондырғысына ілеспе газды жеткізу үшін 9 дана көп фазалы сораптар орнатылған, олар қалыпты деңгейде жұмыс жасап тұр. Ал, Аққыстау селосында жаңа электр қосалқы станциясы салынуда. Сондай-ақ, басшы С.Балғымбаев кен орнында жерасты жөндеу техникалары үшін 3 орындық автотұрақ және арнаулы техникаларға арналған 24 орындық автотұрақ, 150 орындық асхана құрылыстарының барысымен танысып, құрылысты жеделдету бағытында нақты тапсырмалар берді. Оңтүстік Батыс Қамысты және Оңтүстік Шығыс Новобогат кен орнында

да болып, мұнда да көп фазалы сораптардың, ұңғымалардың жұмыс барысымен танысты. Өндіріске енгізілген технологиялардың бірі – Забурын кенішіндегі полимерлік суландыру жобасы. Бұл жоба «Ембімұнайгаз» АҚ, «Каспиймұнайгаз» ҒЗИ» ЖШС, «Алстрон» және SNF ЖШС (Франция) мамандарымен бірлесе атқарылды. Тәжірибелік-өнеркәсіптік сынақ жұмыстарына сәйкес, жер астына 800-1000 метр тереңдікке полимер ерітіндісін айдау №11, 55 айдау ұңғымаларында жүзеге асырылып келді. 2017 жылғы қыркүйек айында тағы да 4 ерітінді айдау ұңғымалары қосылып, жалпы саны 6-ға жетті. Өндірісті аралау соңында Ә.Жақсыбеков жауапты мамандармен бірлескен мәжіліс өткізіп, онда ағымдағы жұмыстардың барысы, алынған шешімдердің орындалысы, басқа да көптеген өндірістік мәселелерді талқылады.



## « I-Бемме

ITS жобасының іске асырылуы жолында қатысушылармен жұмыс жүргізіп келе жатқан бизнес-тренер И.Валиуллов «Үздіксіз даму заманауи әлемнің талаптарына жауап» мазмұнындағы тақырыпта тренинг өткізді. Бір күн бойы өткен «Білім күні» шарасына «Ембімұнайгаз» АҚ орталық аппаратының және мұнайгаз өндіру басқармаларының қызметкерлері қатысты. ҚМГ БӨ Қызметкерлерді басқару және еңбекақы төлеу жөніндегі департаменттің директоры, ішкі тренер Э.Каримова «Ішкі тренерлер мектебі – ҚМГ БӨ қызметкерлерінің кәсіби біліктіліктерін шыңдау, жаңа деңгейге көтерілу, жан-жақты маман болу, базалық білімдері мен тәжірибелерін таратуда үлкен мүмкіндік болғанын» атап айтты. Естеріңізге салайық, ҚМГ БӨ бұл жобаны 2016 жылдың желтоқсан айында іске қосты. 1 жылдан астам уақыт ішінде жобаға қатысушы ҚМГ БӨ қызметкерлері тренер болуға оқыту, машықтану, үйрену әдістемелік семинар-кеңестер, тренингтерден өтті. Ерекше жобаға ҚМГ БӨ басшысы Қ.Есқазиев қолдау көрсетті. Компанияның HR департаменті жобаның жүзеге асырылуы жолында ауқымды ұйымдастыру жұмыстарын атқарды. Үміткерлер тренер болуға қойылған талаптарды сәтті орындап, іріктеу турынан өтті. Жыл бойы өздерінің алған білімдерін нақты іс жүзінде көрсетуде.



**Гүлбану Шарафетдинова,**  
«Ембімұнайгаз» АҚ Қызметкерлерді басқару және еңбекке ақы төлеу департаментінің директоры:

– Бұл білім күні бізде осындай деңгейде алғаш өтіп отыр. Оған 4 мұнай өндіру басқармасы және 2 қосалқы шаруашылық құрылымдардан 90 маман қатысты. Әрине, олардың дені жастар. Бұған дейін бейнероликпен жіберілген хабарламада ҚМГ БӨ ішкі тренерлері қандай тақырыптар бойынша тренинг өткізетіні туралы айтылды. Біз ол бейнероликті барлық құрылымдық бөлімшелерде жұмысшыларға көрсеттік, олар өз қалауларын білдірді. Сол бойынша тілек білдіргендер шараға қатысты. Ондағы мақсатымыз мамандардың танымдық ойлау жүйесін дамыту, ішкі байланыс орнату, өзара қарым-қатынасты нығайту. Шара өз деңгейінде өтті.



**Қайырбек Қаражанов,**  
«Қайнармұнайгаз» МГӨБ, есепші:

– Жалпы, қазір заман ағымы бір орында тұрған жоқ, алға жедел жылжуда. Сондықтан мұнайшылар да заман көшінен қалуға тиіс емес. Бүгінгі тренингтен мен ең алдымен адам өзін дамытуы керек деген тұжырымға келдім. Интеллектуалды ойындар ойнадық, танымдық сұрақтарға жауап іздедік, әр түрлі тақырыптарға байланысты өз идеяларымызды топ болып ұсындық. Бір күн бойына толған баяндама тыңдап өтетін шығармыз деген ойымыз болмады. Меніңше, бәрі қызықты, жаңды түрде өтті. Сөз, ой, идеялар сайысына түстік. Көп нәрсені үйрендік.

орнында өткенмін. Мұхтаров Оңғарбай деген аға жетекші болды. Дуалды оқыту жүйесінің көмегі көп болды, кейін Ембіде тест тапсырғанда да практика түрінде жақсы білдік. Бүгінде ұңғымаларды зерттеу операторы болып жұмыс жасаудамын. Әрине жас маман ретінде мұндай тренингке бірінші рет қатыстым. Маған ұнады. Ойыңды ашық айта білу, өзінді ұжымда жақсы ұстау, командамен жұмыс істеу, үнемі іздену секілді дағдыларды меңгердім.



**Жазира Мәлік,**  
«Жайықмұнайгаз» МГӨБ, Оңтүстік Шығыс Қамысты кен орны геологы:

– Мен мұндай тренингке бірінші рет қатысып отырмын. Тренингтің өзіндік бағыт-бағдары, өту барысы, әр түрлі ойындар, ситуациялық сұрақтары қызықтырды. Тренер Ж.Темірғалидың «Ішкі коммуникация», «Әлеуметтік желіде әдеп сақтаңыз» тақырыптарындағы мәселелер, яғни басшылық пен жұмысшы арасындағы және әріптестердің өзара қарым-қатынастары, өзінді қалай ұстау керек, әдеп, мәдениет, ақпараттың нақтылығы, әлеуметтік желіде айтар сөзіңді абайлап, екшеп білдіру сынды тұжырымдардың дұрыстығына көзім жетті. Жалпы, қай-қайсысы да жалықтыратын тақырып емес, қызығалықты, тартымды өткені анық. Айтарым, осындай тренингтерді өндіріс басында әріптестеріммен бірге өткізудің мүмкіндігі болар ма екен? Сонда жақсы болар еді.




**Әйгерім Талғатқызы,**  
«Жайықмұнайгаз» МГӨБ, ұңғымаларды зерттеу операторы:

– Мен «Ембімұнайгаз» АҚ-на былтыр Дуалды оқыту жүйесі бойынша жұмысқа тұрдым. Тәжірибеден «Жаңаталап» кен



**Мәулен Мұхамбеталиев,**  
«Қайнармұнайгаз» МГӨБ, Кенбай кен орны мұнай өндіру операторы:

– Жиналыс түрінде емес, әп дегеннен-ақ, сұрақ-жауап, командалық жұмыс, өзіннің пікірінді, идеяңды қорғап шығу, ойын, талас-тартыс түрінде өткені қуантады. Е.Сәбікенұлының «Мұнай өнімдерін сату» тақырыбындағы сұрақтар мен тапсырмалар да әр алуан болды. Өнім өндірілген сәттен бастап ол қайда барады, қалай сатылады, кімдермен байланыс орнатылады, ондағы әртіпестік байланыс жұмыстары, т.б. мәселелер сөз болды. Таңертеңнен кешке дейінгі уақытымыз, күніміз босқа өткен жоқ, біраз нәрсені үйреніп, хабардар болдық.





# Мерекелік лебіздер:



**Алима Қазиева,**  
«Жайықмұнайгаз» МГӨБ С.Балғымбаев жатақханасының қызметкері:

– Салалас құрылымдарда еңбек ететін барша қыз-келіншектерді, ардақты да аяулы ана, апа-сіңлілерді көгілдір көктемнің алғашқы мерекесі – 8 наурыз халықаралық әйелдер күнімен құттықтаймын. Мұнайлы өлкеміздің жер асты қазына байлығын ел игілігіне жаратуда сіздердің қосып отырған үлестеріңіз шексіз екеніне біз куәміз. Ғасырлық тарихы бар отандық мұнай өндірісінде мұнайшы кәсібін игеріп, азаматтармен иық тірестіре еңбек етіп жүрген асыл арулар біз үшін мақтаныш. Анаға құрмет – өткен мен болашаққа құрмет. Мен де перзент сүйген ана ретінде ұрпағымның бүтін, бақытты болуын қалаймын. Барлық аналарға үйде де, түзде де соны тілеймін. Өндіріс басындағы жатақхана – жұмысшылардың екінші үйі іспетті. Мұнда оларға барлық жағдай жасалып отыр. Әсіресе, қыз-келіншектердің өздерін жақсы сезінуіне, мұнтаздай тазалыққа, жайлы тыныс алуына, т.б. мүмкіндік жасауға тырысып келеміз. Мереке құтты болсын, аналар!



**Амандық Уалиева,**  
«Жайықмұнайгаз» мұнайгаз өндіру басқармасының есепшісі:

– Шұғылалы көктемнің алғашқы мерекесі – 8 наурыз Халықаралық әйелдер күні мейрамымен шын жүректен құттықтаймын. Ана қуанышы, әйел қуанышы – әр үйдің, отбасының, Отанның мерейі. Биыл біз еңбек етіп жатқан Салтанат Балғымбаев кен орнына 50 жыл толады. Осы жылдар ішінде қаншама мұнай өндірілді, қаншама адам өндірістің дамуына үлес қосты! Мұнайшы апа-сіңлілеріме әйел бақытын, еңбек жемісін тілеймін. Ұрпағымыз аман болсын! Отағасым екеуіміз қазақы тәрбие алған үш келіннен 7 немере сүйіп отырмыз, немеренің тәтті қылығына қуанамыз. Бәріңізге сондай тілек. Өмірлеріңіз берекелі болғай, арулар!



**Нұрзиба Бурабаева,**  
«Жылыоймұнайгаз» МГӨБ әлеуметтік бөлімнің жетекші маманы:

– Қырық жылғы еңбек өтілімде талай жақсы-жайсаңдармен, ақылдан апарлар, сенімді сіңлілермен әріптес болдым. Өндірісте де, қоғамдық өмірде де белсенді қыз-келіншектер көп. Бүгінде жастар қатарының артып келе жатқаны да рас. Жас қыздар алдыңғы буын апаларының мол тәжірибесін үйреніп, еңбек етуде. Ұрпақ сүйген ана, әже ретінде баршаңызды Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймын! Дендеріңіз сау болып, алақандарыңыздың жылуы, жандарыңыздың мейірімі таусылмасын. Істеріңіз сәтті болсын. Қазақ еліндегі бейбіт, тыныш өмірдің шырқы бұзылмасын. Барлығыңызға баянды бақыт тілеймін!



**Зәуре Қалиева,**  
«Ембімұнайэнерго» басқармасының қызметкері:

– Аяулы әріптестерімді 8 наурыз халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймын. Жер дүниені жаңартып, оның сәні мен мәнін паш етіп келе жатқан тамаша көктемнің мерекесі қарсаңында Сіздерге және отбасыларыңызға мол береке, нұрлы өмірлеріңізге биік белес пен толағай табыс, шуақты шаңырақтарыңызға шаттық пен қуаныш және баянды бақыт, болашаққа зор сенім, көтеріңкі көңіл-күй тілеймін. Әр істеріңізге сәттілік серік болып, басқан қадамдарыңызға Алла Тағаланың шапағатты нұры жаусын! Өмір баламен бақытты, анамен көрікті ғой. «Қарты бар үйдің қазынасы бар» демекші, 96 жасқа келген енем бар, ертелі-кеш біздің амандығымызды тілеп отырғаны. Үйдің берекесін келтіріп отырған да сол кісінің ақ тілегі деп білемін. Өзім де 8 жиен, 4 немере сүйген әжемін. Заман тыныш, жастарымыз, қыздарымыз бақытты болсын!



**Қаншайым Сақинова,**  
«Ембімұнайгаз» АҚ, ӨТҚЖЖК басқармасының қоймашысы:

– Адам өз жұмысын ұнатып істесе ғана еңбектің өнімділігі болады. 36 жыл бір қызметте жасап келем, жұмысым өзіме ұнайды. Ұжымдастырымның бір-біріне деген қарым-қатынасы да жақсы. Қазақ қыздары өзге шаңырақтың келіндері де. Менің де екі келінім шаңырағымызға бақыт құсы болып қонды, қыздарым да тұрмыста. Немере-жиендеріммен ұрпақ қызығын көрудеміз. Отбастарыңыз аман, бауырларыңыз бүтін, балаларыңыз бақытты болсын, құрметті әріптес аналар!

**Қымбат Тусманова,**  
«Ембімұнайэнерго» басқармасында сым ораушы:

– Жылы, шырайлы көктемнің алғашқы күндері барша адамзаттың көңілін жадырата келген 8 Наурыз – Халықаралық әйелдер күнімен барлық қыз-келіншектерді шын жүректен құттықтаймын. Әрбір шаңыраққа шаттық, зор денсаулық, мол бақыт, жанұяларыңызға береке-бірлік тілеймін. Жылдан-жылға табиғаттың тамаша мерзімі көктемдей құлпырып, жасара беріңіздер. Тек қана жақсы қасиеттерімізді сақтап, қашанда айдай сұлу, күндей жылы жүздеріңізден нұр төгіліп, сүйікті де сүйкімді болып жүрулеріңізге тілектеспін! Басқармада 1996 жылдан бастап еңбек етіп келемін. Қазіргі уақытта жолдасым екеуіміз төрт баланың ата-анасымыз. Фатима, Әмина атты егіз қызымыз да бар. Біздің мекемеде өз істерін жетік меңгерген әріптестер жетерлік. Олардың көпшілігі қыз-келіншектер. Бәріне тілейтінім – бақытты ғұмыр!



**Рақилаш Сапарова,**  
«Ембімұнайгаз» АҚ Ақтөбе кен орнында мұнай өндіру операторы:

– Ақиқаты, әр қоғамның іргетасының мықтылығы – отбасының бірлігінде. Әйел – шаңырақтың ұйытқысы, бірлігін сақтаушы. «Ер – елдің иесі, әйел – үйдің киесі» демекші, олар отбасының да шырайын келтіруші жандар. Мұнайшы қыздар үйінен жырақ жүріп еңбек етуде. Бірақ сонда да болса, ұрпақ өрбітіп, бала тәрбиелеуде де еңбегі зор. Менің 5 балам бар. Алды кемелеттік жасқа жетті. 25 жыл өндірісте жүрсем де, осы балаларымызды ешкімнен кем қылмай өсіріп келеміз. Ардақты арулар, көктем мерекесі көңілдеріңізге қуаныш сыйлап, шаңырақтарыңыз берекелі болсын. Сіздерге зор денсаулық, мол бақыт, жанұяларыңызға береке-бірлік тілеймін!

**Тауһар Мекебаева,**  
«Қайнармұнайгаз» МГӨБ жалпы мәселелер бойынша инженер:

– 8 наурыз мерекесі – бүкіл адамзаттың аналар алдындағы тағзым етер күні десек артық айтқандық болмас. Ауылда туып-өстік. Әже-аналарымыздың мал сауып, жем беріп, ішек-қарын аршып, құрт қайнатып, ірімшік дайындап, жүн түтіп, жіп иіріп, алаша тоқып, киіз басқан, табанан көмген, басқа да ертеден қара кешке дейінгі тынымсыз тірлігін көріп өстік. Бәрі қол еңбегімен жасалушы еді, берекелі, мерекелі тіршілік болатын. Сол әжелер салған сара жолдан айнымасақ екен. Ұрпағымыз, қыздарымыз салт-дәстүріміз бен ұлттық құндылықтарымызды бойына сіңіріп өссе дейміз. Өндірісте де қыздардың рөлі жарқын. «Қайнармұнайгаз» МГӨБ 2000 жылдан қызмет етемін. Кенбай кен орнында оператор болып жұмыс жасай жүріп, өндірістік-техникалық бөлім жұмыстарына араласып келдім. Себебі жұмысқа кірген кезде енді компьютерлендіріле бастады, басқарманың даму кезеңі көз алдыма өтті. Сондай-ақ, орталық инженерлік-технологиялық қызметте, геология және кен орындарды игеру бөлімінде жұмыс жасадым. Үнемі жан-жақты болуға, үйренуге талпынамын. Бос уақытымда еремегім кітап оқу, тоқуыш тоқу, іс тігу, дәмді тағам дайындау, волейбол, үстел теннисі, поэзия, т.б. 5 сынып оқитын қызым Камила да домбыра, би, сурет, қолөнер сынды әртүрлі үйірмелерге қатысады, компьютерлік бағдарламаларға қызығушылығы бар. Ұрпағымызбен бақытты болайық, аналар! 8 наурыз – халықаралық әйелдер күні мерекесіне орай сіздердің көктемнің гүлді әрдайым құлпырып, әсемдіктің, әдеміліктің, нәзіктіктің иесі болып қала берулеріңізге тілектеспін!



**Үміт Тоқсанова,**  
«Доссормұнайгаз» құрылыс бөлімінің ғимаратты ағымдағы жөндеу сылақшысы:

– Мен мұнайшы болып еңбек еткен ата-ана жолын жалғастырып, осы мамандықты қаладым. Қазірде 84 жаста анам бар, біздің тілеуімізді тілеп отырады. «Анасы бар адамдар қартаймайды» дегендей, ол кісіге еркелігіміз де бар. Өзім де 5 баланың анасымын, бүгінде әжемін. Отағасым ұстаз, қыздарым да әке жолын қуды, мұғалім болып абыройлы еңбек етуде. Немере-жиендерім бар. Бесік тербейтін, ұлтымызды сақтайтын, ертеңгі ерлерді өсіретін – әйел, келін, ана. Дала төсінде жүрген мұнайшы әйелдер, сіздер мықты болыңыздар, ұрпақ аман болсын. Жанарларыңыз әрдайым нұр шашып, жүздеріңіз күндей күлімдеп жүрсін!





### Майра Бажикова,

«Өзенмұнайгаз» АҚ, Персоналды басқару және дамыту департаменті директорының орынбасары:

– Егеменді еліміздің аяулы да ару қыздары! Баршаңызды көктемнің алғашқы мерекесімен құттықтаймын! Сіздер сүйікті компаниямызда өткізілген жұмыстарға кеңінен қатысып, қоғамдық өмірге белсенді араласып жүрсіздер. Ару-әлемнің барометрі. Ол өзі де жайнап, айналасын да жайнатып жүреді. Қадірлі құрбылар, апалар, сіңлілер, армандарыңыз орындалсын! Жұмыстарыңыз берекелі, өміріңіз мерекелі болғай!

### Ақкенже Ымбергенова,

«Жылыоймұнайгаз» МГӨБ Құлсары қаласы асханасының бас аспазы, «KMG EP-Catering» ЖШС:

– «Ас – адамның арқауы» дегендей, мұнайшылардың құнарлы аспен тамақтануына асхана қыз-келіншектерінің сіңіріп келе жатқан еңбегі зор деп білемін. Олардың бәрі дерлік аналар. Менің де екі қызым өсіп келеді. Біздің бүгінгі қоғамда ананың рөлі ерекше екені даусыз. Олар баласын тәрбиелеп, үй шаруасын реттеп, қоғамның тіршілігіне де белсене араласып жүр. Аяулы да сүйікті асыл аналар және барша қыз-келіншектер! Сіздерді ЕМГ-нің барша асхана қызметкерлері атынан 8 наурыз мерекесімен шын жүректен құттықтаймын. Қашан да жандарыңызға жақсылық нәсіп болғай. Ұл-қыздарыңыздың қызығын көріп, аман-сау ортамызда жүре беріңіздер.



### Намазгүл Джамқанова,

«Өзенмұнайгаз» АҚ, №4 МГӨБ, орталық инженерлік-технологиялық қызметінің аға диспетчері:

– Ана мен мейірім-бірінен бірі бөлінбейтін егіз ұғым. Ана өмірінің сәні-мейірімде. Ананың мейірімі көзінде, ықыласы көңілінде, ақылы сөзінде. Ана махаббаты адамға қанат бітіреді, күш береді, ерлікке рухтандырады. Шаңырақтың, отбасының ұйытқысы – қыз-келіншектерімізді 8 наурыз көктем мерекесімен құттықтаймын. Өсе берейік, өне берейік, бар болайық, бай болайық. Мағыналы жүріс-тұрысымызбен ұл-қызға үлгі болып, тынымсыз еңбегімізбен компанияның дамуына үлес қосып, аман-есен жүре берейік!



### Аққайша

### Жубаниязова,

### Набат Есқалиева,

«Өзенмұнайгаз» АҚ, №2 МГӨБ, №6 ШСС машинистері:

– «Дүние жүзінде барлық адам баласында еркектің бәрі еркек емес, қыздың бәрі бірдей қыз емес, ал енді Ана дегеннің бәрі – Ана» – дейді қазақтың классик жазушысы Рабит Мүсірепов. Халқымыз

ананы айрықша құрметтеп, ардақ тұтады. Бүкіл ұлтымызды тәрбиелеп отырған әзиз аналарымыз аман болсын! Көктеммен бірге ілесе келген аналар мерекесі құтты болсын. Жұмысымыз жемісті, өміріміз келісті болғай!



### «Өзенмұнайгаз» АҚ, №1 МГӨБ бір топ қызметкері:

– «Әлемдегі ең сұлу – қазақ әйелі: менің жарым, менің анам, менің қызым. Қазақты қазақ қылған осы әйел болатын, сұлу ғана емес, сымбатты, мінезді, ақылды, адал жар, абзал ана, ағайынға қамқор, ауыл-аймаққа құт, ердің мақтаны, елдің көркі» – дейді қазақ жазушысы Мұхтар Мағауин. Шаңырақтың шаттығы, отбасының қызығы қыз-келіншектермен ғана көрікті. Арулардың араласуынсыз өткен тіршіліктің бәрі бос, мәнсіз, мағынасыз болып тұрады. Қымбатты, өзенмұнайгаздық ханымдар мен бикештер, Сіздерді мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймыз. Төрт құбылаңыз сай, көңіліңіз әркезде жай болсын!



Сүйкімді де нәзік, сұлу да сымбатты қыз-келіншектер, Сіздерді әсемдік пен әдептіліктің, махаббат пен көктемнің мерекесімен құттықтаймын! Наурыздың шұғылалы жарқын күні Сіздерге қуаныш пен жақсы көңіл-күй сыйласын. Асыл армандарыңыз орындалсын. Әрдайым мейірім мен шуаққа бөленіңіздер.

**Айжан Садырова,**  
«Argymak TransService» ЖШС персоналмен жұмыс және әкімшілік бөлімінің бастығы



### Сәуле Дәрменова, Дарига Досымова, Жанар Мананова,

«Өзенмұнайгаз» АҚ кәсіподақ қызметкерлері:

– Біз қазақ қызының жаратылысы қалыпты өлшемдерге сыя бермейтін ғажайып құбылыс деп санаймыз. Қазіргі таңда қазақ қыз-келіншектерінің қоғамдағы алатын рөлі, маңызы өте зор. Біз жаратылыстың өзі сұлулық сыйлаған әріптес апаларымыз бен сіңлілерімізді мерекелерімен шын жүректен құттықтай отырып, оларға оптимизм, үміт, махаббат, достық тілейміз. Жемісті еңбек ете жүріп, жарқын болашаққа бірге қадам жасайық!



### «Өзенмұнайсервис» ЖШС бір топ қызметкерлері:

– Түркіде әйел жұрағатын қазақтай қадір тұтқан халық кемде-кем. Өсер ел ана мен баланы төбесіне көтереді, өйткені, екеуі де ұлттың болашағы. Ана деген баласынан еш уақытта еш нәрсесін аямайды. Анамыздың осынша ағыл-тегіл ықыласы мен пейіліне жер басып жүрген бәріміз қарыздармыз. Ендеше, аналар мерекесінде бүкіл қыз-келіншектерге ұзақ ғұмыр, бақ-дәулет тілейміз. Әрқашан жүрегіңіз махаббат пен сүйіспеншілікке толы болсын!

Қымбатты ханымдар, аналар, мейірімді әжелер, әдемі арулар! Сіздерді көктемнің шуақты мерекесімен құттықтаймын! Сіздердің атыңызға айтылатын ақ алғыстар мен жылы сөздер ешқашан толасамасын! Көктем самалымен келетін мерекелік көңіл-күй Сіздердің сергектіңіз бен күш-жігеріңіздің қуат көзіне айналсын! Сіздерге және отбасыларыңызға баянды бақыт тілеймін! Әрқашан да сәттілік серігіңіз болып, жүздеріңізден нұр шашып жүре беріңіздер!

**Нұрсұлу Бопанаева,**  
«Argymak TransService» ЖШС офис менеджері





Деніңізге саулық, отбасыңызға амандық, жұмысыңызға табыс тілейміз!

«Өзенмұнайгаз» АҚ, ТТБ бір топ қызметкерлері:

– Қазақ ханымы парасатты, отбасын сақтауға дегенде шегедей берік. Бүгінгі мереке біз үшін-үлкен мақтаныш, үлкен мерей. Айналаның бәрінде біздің ізіміз бар. Біз – көңілдің де, көздің де нұрымыз! Аяулы да, ардақты қыз-келіншектер! 8 наурыз төл мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймыз.

Әсел Рахманова,

«Ембімұнайгаз» АҚ жас маманы, ұңғымаларды зерттеу цехының операторы:

– Мен мұнай саласында 2009 жылдан бері еңбек етемін. Жұмысым жақсы, өзіме ұнайды. Әріптес аға-апалар бастапқыда ақылдарын айтып, жол көрсеткен еді. Бүгінде жұмысқа әбден төселдік, ыстық-суығына үйрендік. Игілігін де көріп келемін. Жыл сайын жас мамандар ұйымдастырған шараларға қатысу – соның бір айғағы. Отбасында ұл мен қызымыз өсіп келеді. Қымбатты ханымдар! Сіздердің атыңызға айтылатын ақ алғыстар мен жылы сөздер ешуақытта толастамасын. Көктемнің басымен келетін мерекелік көңіл-күй сіздердің сергектіктеріңіз бен күш-жігерлеріңіздің қуат көзіне айналсын. Баршамыз бақытты болайық!



Наурыз

## МАМАНДЫҒЫММЕН МАҚТАНАМЫН...

«Өзенмұнайгаз» АҚ, №1 МГӨБ, №13 топтық қондырғысында 20 жылдан бері мұнай-газ өндіру операторы болып жұмыс жасап жүрген Майра Пангереева өміріне дән риза. Өздеріне қарасты 30-дан астам скважиналарды бақылайтын мұнайшы келіншек өз жұмысының майталман маманы. Жұмысын жанындай жақсы көргендіктен болар, ол ешқашан шаршаған емес.

Майраның үлкен ұлы «ҚазТрансОйл» компаниясында заңгер болса, қызы Қытайда оқып жатыр. Кенжетайы мектепте оқиды.

«Мен өміріме ризамын. Құдайға шүкір, балаларым өсіп келеді. Жұмыста сыйлымын. Жағдайымыз өте жақсы. Арнайы киімдердің

сапасына көңіліміз толады. Қолғаптардың да сапасы жақсарды. Асхана тамағы да дәмді-ақ! Еңбек демалысымызда қайда барамыз десек те, жолдамалар табылады. Еңбек адамына басқа не керек?! Жағдайдың жақсаруы-компания әлеуетінің деңгейін көрсетеді. Мен өзімнің мамандығымды мақтан тұтамын. Компаниямыздың гүлденуі үшін еңбек етіп жүргенім үшін өзімді бақытты сезінемін», – дейді Майра Пангереева.

Майра сияқты өз кәсібін шын сүйетін, мамандығын мақтаныш тұтатын, шаруаны шыр айналдыратын адамдар ғана елге зор пайда келтірмек!



Наурыз

## ЕҢ ҚИЫН МАМАНДЫҚ – АНА БОЛУ

Шара Коммунистқызы «Өзенмұнайгаз» АҚ, АЖТБ 2004 жылдан бері абыройлы еңбек етіп, ұжым құрметіне бөленіп жүрген ерекше жан.

Ол өзінің алғашқы жұмысқа келген кезін былайша еске алады. «Мені басқарма директоры Феликс Джейрановтың хатшысы Жадыра Тілеумағамбетованың жылы сөз, жылы қабақпен қарсы алғаны есімде қалып қойды. Жас қыздың іттипатына кәдімгідей ішім жылып, қуанып қалдым». Бүгінде Шара апай Жадыра екеуі әлеуметтік-әкімшілік қамту бөлімінде

әріптес болып, жұмыс жасап жатыр. Ол үшін басқарма ұжымы өз отбасындай болып кеткені сонша, еңбек демалысына кеткенде сағынып, телефон шалып, хабар алып тұрады. 20 жыл мектепте мұғалім болып жұмыс жасаған Шара Коммунистқызы өзінің мамандығының қазіргі жұмысқа көп пайдасы тигендігін айтады. Қазіргі таңда, компаниядағы әлеуметтік жағдайдың керемет жақсарғанын айтпай кетуге болмайды. Осыған сәйкес, қызметкерлердің де көңіл-күйлері көтеріңкі, жұмысқа деген ынталары жақсы.

Мереке қарсаңында компания қыз-келіншектеріне тәтті лебіздерін арнаған Шара Коммунистқызы «Құдайға шүкір, қыздарымыз көрікті, білімді, іскер. Тіпті қазақ қоғамының бір бұрышын алға сүйреп келе жатқаны да анық», – дейді.

Өз жұмысын сүйіспеншілікпен атқаратын Шара апай «мамандықтың қай-қайсысы да оңай емес. Алайда, солардың ішіндегі ең қиын мамандық – АНА болу. Бүгінде бірінен-бірі өткен немерелерім өсіп келеді. Соларға барынша жақсы әже болуға тырысып жүрмін», – деп күлімсірейді.


Наурыз

## ГЕОЛОГТАН ГЕОЛОГ ТУАДЫ...

«Өзенмұнайгаз» АҚ, №3 МГӨБ геологы Айсұлу Өскімбаеваның әкесі де, шешесі де Өзен кенорнында геолог болып жұмыс жасап, кенорынның өсіп-өркендеуі үшін еңбек сіңірген құрметті жандар. Айсұлудың геология саласына келуіне олардың тікелей ықпалы болды. Олардың геология туралы әңгімелерін тыңдаған кішкентай қыздың да геологияға деген қызығушылығы оян-

ды. Әсіресе, өрмекшінің шырмауығындай әкесі әкелетін карталар Айсұлу үшін тіпті қызық болатын. Өсе келе Айсұлу да геолог мамандығын таңдады. Мамандығын ұнатқандықтан, ол уақытпен есептесу дегенді білмейді. Отыз жылға жуық геология саласында жұмыс жасап жүрген ол өзінің еңбегіне деген сүйіспеншілігінің арқасында бүгінде басқарманың игеру және геология

бөлімінің басшысы қызметіне дейін көтерілді. «Осындай дәрежеге жетуіме үнемі қолдау көрсететін отағасыма алғыс айтқым келеді. Компанияның қиын кезеңдерінде біздер жұмыс бабымен үйге жиі кешігіп барушы едік. Сол кезде балаларымның әкесінің қабақ шытпай, жұмысыма түсіністікпен қарағанына дән ризамын. Дәрігер адамның ағзасын зерттейтін болса, біздер жердің қыртысын және ішкі қабаттарын, олардың құрамын, құрылысын, қозғалысын, даму тарихын, «қара алтынның» пайда болу, орналасу заңдылықтарын зерттеп, мұнай өнімділігін арттыруға барынша зор үлес қосып келе жатырмыз. Өзен кенорны үшін еткен еңбегімізді біліп, кәсіби мерекелерде марапаттап, мәртебемізді асырып отырған компания басшылығына айтар алғысымыз шексіз. Еңбек-таусылмайтын қуаныш, тарқайтын шаттық. Еңбек-адамға молшылық, тоқшылық, байлық, бақ-береке әкеледі», – дейді Айсұлу Өскімбаева.





«Қазгермұнай» БК»ЖШС-де және «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ компаниялар тобында еңбек етіп жатқан қыз-келіншектерді 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймыз. Көктемнің сұлу арайын ала келген мереке Сіздерге бақыттың гүлін, шаттықтың нұрын, сұлулық пен бейбітшіліктің жасампаздығын, әр күннің жылылығы мен жақсылығын, берекесі мен молшылығын, ырысын ала келсін. Бұл мейрам қашанда ең ізгі, ең ыстық, ең қастерлі сезімдерге толы. Өйткені, дана халқымыз нәзік жандыларын қастерлеп, шаңырақтың ұйтқысына балап, ынтымақ пен ырыстың алтын діңгегі деп білген. Сіздердің ел дамуы жолындағы ерен еңбектеріңізге жеміс тілейміз.

**Ізгі ниетпен,  
Индиана Камалова, «Қазгермұнай»БК» ЖШС  
банк істері жөніндегі есепшісі,**

**Алия Шайтымова, «Қазгермұнай»БК» ЖШС есепшісі,  
Инна Энраф, Бюджетті жоспарлау және экономикалық  
талдау бөлімінің орынбасары,**

**Нүргүл Орынбекова, Бюджетті жоспарлау және  
экономикалық талдау бөлімінің жетекші маманы**

## Фарида Нұрсейітова,

«ӨзенМұнайСервис» ЖШС ОҚБ (өндірістік қамту базасы) экономисі

– Мен мұнай-газ өндіру саласында 30 жылдан астам уақыт еңбек етіп келемін. Еңбек жолым «Жөндеу» ЖШС-де басталып, жоспарлау бөлімінде экономист, жетекші экономист қызметтерін атқардым. 2016 жылдан бері «ӨзенМұнайСервис» ЖШС-де өндірістік қамту базасында экономист болып еңбек етіп келемін. Өткен жылы ұңғыларға күрделі жөндеу жұмыстарына 45 жыл толған мерейлі мерекені кең көлемде атап өттік. Жаңа 2018 жылды жақсы көңіл күймен қарсы алдық. Өне-міне дегенше, қыс бітіп, көктем де келді. Көктем бар тіршілік атаулының бусана жаңаратын сәті. Жуанның жіңішкеріп, жіңішкенің үзілетін шағы, төрт түліктің төлдеп, қыбырлаған жәндікке дейін жан бітетін кезең. Көктем жаңалықпен ғана емес, мерейлі мерекелерімен де төрімізге енеді. Сондай атаулы күндердің бірі – 8 наурыз Халықаралық әйелдер күні. Сұлулықтың символы әйелдің, тұнған мейірімнің бұлағы ананың, нәзіктіктің белгісі қыздардың мерекесі баршамызға құтты болсын! Жүрген жеріне ерекше рең сыйлап жүретін нәзік жандыларымыз аман болсын! Әр шаңырақтың бағына баланған аналарымыздың жүздерінен қуаныш кетпесін! Аяулы азаматшаларымызға сәттілік пен шаттық серік болып, ерлердің сыйластығы мен құрметіне бөлене берсін деген тілек білдіргім келеді.



## Айнұр Молбаева,

«ӨзенМұнайСервис» ЖШС, жетекші инженер-эколог, көп балалы ана

– Жыл мезгілдерінің ішінде ерекше саналатын «Көктем» мезгілінде адам көңілін жадыратар мерекелер жиі болады. Соның бірі нәзік жандыларымыз асыға күтетін халықаралық әйелдер күні. Барша қазақстандық әжелерді, аналарды, аруларды аталмыш мерекемен шын жүректен құттықтаймын. Қымбатты ханымдар, осынау шуақты мерекеде сіздерге зор денсаулық, таусылмас бақыт, мол жетістіктер тілеймін. Әрқашанда жанұяларыңыздың берекесінің себепкері болып, өз ортаңыздың жарығын сыйлар шамшырағы атанып жүре беріңіздер! Бар тіршіліктің тұтқасын ұстап, перзентін бақытына балаған аналарымыздың жүзінен күлкі кетпесін. Еңбекте табыстарға кенеліп, биік белестерді бағындыра беріңіздер! Әрқайсыңызға жарқын көңіл мен жақсылықтар болуына тілектеспін!

Қыз қызғалдақ қырдағы  
Таққан сұлу сырғаны  
Бізге мәлім тек қана  
Ақ орамал сырлары

– деп ақ орамалды тағынып, ана деген атақты жамылып, жақсы жандардың қасынан табылып жүре берейік, қымбатты арулар!



**Қ**ымбатты қызғалдақтай жайнаған Ару қыз-келіншектер! Сіздерді 8 наурыз мерекесімен құттықтаймын!

Әйел – өмірдің тұтқасы, шаңырақтың сәні. Қазіргі заманның арулары отбасы берекесін де келтіріп, балаларды да тәрбиелеп, сонымен бірге сұлу да сәнді қалыпта қызметте де табысқа жетіп жүр. Мұнай саласында ер азаматтармен бірге ел игілігіне аянбай еңбек етіп жүрген қыз-келіншектерге жұмысыңыз жемісті, отбасыңыз аман болып, өміріңіз шырайлы махаббат пен күтпеген тосын сыйларға толы болсын деген тілек білдіремін.

**Сәуле Байжанова,  
«Argymak TransService» ЖШС  
бас бухгалтері**



## Ұштан Бекжанова,

«ӨзенМұнайСервис» ЖШС-де темір жонұшы

– Мен жастайымнан түрлі жұмыстарға араластым. Оның ішінде еден жуып, жөндеу жұмыстарын да жасадым. Содан 1988 жылы бұрынғы «Жөндеу» мекемесіне өзімнің таңдап оқыған «Темір жонұшы» мамандығы бойынша қызметке орналастым. Ер адамдардың табиғатына сай мамандық болса да мен өзімнің мамандығымды жақсы көремін. Ешқашан шаршап, жалыққан емеспін. Жаратушым маған осындай еңбек арқылы несібемді бұйыртып отырған болар. Еңбекте ердің қызметін қылсам да, өз үйімде әйелдің қызметін жасаймын. Отбасымда анамын. Жаңалыққа жаршы болып келетін көктемнің күнінде өтетін мерейлі мереке Халықаралық әйелдер күні құтты болсын! Қазақ халқы ертеден қыз балаға төрден орын беріп, ананы, әйелді құрметтеген. Әйел адамды ошақтың, отбасының ұйытқысы санаған. Сондықтан, аналарымыздың дендері сау, жүздері жарық, көңілдері әрқашан көтеріңкі болсын! «Бір қолымен бесікті, бір қолымен әлемді тербеген» аналарымыздың қызметіне де береке тілеймін. Балалары бақытты болса, ананың әрбір күні мереке секілді, сондықтан өміріміздің жалғасы балаларымыз аман болсын!



## Балзия Наятова,

«ӨзенМұнайСервис» ЖШС диспетчері, алтын алқа иегері

– Ардақты аналарымыздың, аяулы қыз-келіншектеріміздің ерекше мейрамымен шын жүректен құттықтаймын! «Сыйынар ем, ана деген тәңірге» демекші қазіргі біздің қоғамда әйел тек қана отбасының береке-бірлігін ойлайтын тұлға ғана емес, ол тұтастай елдің тіршілігін қамдап, тіпті саяси мәселелерге де өзіндік үн қосатын белсенді топтың мүшесі десек те болады. Ана перзентіне жарық дүниені сыйлап, оның алғаш қадам басына да демеу болатын мейірімді жан. Ұрпақ тәрбиесін ойлап, бүгін бір ұлттың негізінің қалануына тікелей атсалысатын адам. Сондықтан да қазіргі таңда қыз-келіншектер қызметпен қатар отбасының ұйытқысын сақтап, көп балалы болып ана бақытына да бөленуі тиіс деп ойлаймын. Құрметті ақ жаулықты әжелер мен аналар, аяулы қыз-келіншектер, сүйікті жеңгейлер мен келіндер, көктемгі мерекелеріңізбен құттықтай отырып, отбасыларыңызға мол ырыс-несібе, береке-бірлік тілеймін. Айналаңызға шашар қуат көздеріңіз, төгер мейрім-шуақтарыңыз таусылмасын! Әрдайым әдемі күйлеріңізден айнымай, жылы жүректі аналық абыройларыңыз арта берсін!

# МЕНІҢ ШЕШЕМ...

Мен көп балалы отбасында дүниеге келдім. Мен тәрбиеленген отбасы мен қазіргі отбасыны салыстырамын да, айырмашылықтың жер мен көктей екендігін байқап, айран-асыр қаламын. Бәлкім, қазақтың «елу жылда – ел жаңа» дегені осы ма екен?! Қара жердей салмақты менің шешем үшін өмір сондай түсінікті болатын. Аштықты, жетімдікті көріп өскен ол жерге түскен нан қиқымын немесе төгілген сүтті көрсе, шошып кететін-ді. Жалма-жан төгілген сүтті саусағымен маңдайына тигізіп, әлдене деп күбірлейтін. Мен шешемнің қылығына күлетінмін. Ол кезде үстінен күн иісі мен малдың қиы араласқан әлдебір түсініксіз иіс шығатын қара кемпірді өмірбақи сағынып, іздеп жүретінімді білмеппін. Сөйтсем, қара кемпір менің өмірдегі тірегім, қорғаным, қолдаушым, қорғаушым болған екен. Құшақтап отырып: «Небір заман өтті ғой. Беу, дүние-ай! Қазақтың небір марқасқа жігіттері кетті-ау... Түндігі ашылмай қанша түгін қырылып қалды-ау...» – деп жылаушы еді. Бала-бақшаға барып жүрген мен сорпаға тойып алып, ана құшағында маужырап ұйқыға кетіп бара жатушы едім... Анамның ащы жасы бетіме тамып кететіні де есімде қалыпты.

Кешкілік отбасы болып теледидардан кино көріп жатамыз. Советтің киносы... Шабалаңдап семіз орыс қатын отағасының бетінен алып жатады. «Көргенсіз!» – дейді рахаттанып шай ішіп отырған шешем тіксініп... «Ер-азаматының бетіне осылай келуге бола ма?» – дейді күйіп-

пісіп. Ол үшін ер-азаматқа қатынның қарсы сөйлеуі – абсурд. Ақылына сыймайды...

Әкем мен шешем бір-біріне ғашық болып үйленді деп айта алмаймын. Алайда олардың арасындағы балдай тәтті татулық пен сыйластықты қазіргі «сүйіп-күйіп» үйленген кейбір жас жұбайлардан таба алмайсың. Олардың арасында бізге беймәлім араласу мәйегі болды, үзілмейтін жіп бар еді. Қазіргі жастар бір-бірін көрместей таптап, жүрекке салмақ салып, сүйектен өтер сөздерге жол береді. Олар эмоцияға берілгіш, тыйым салынған нәрселерге бойы бейім, соны түсінуден уайымға салынады. Мені «сүйгенімізбен тұрып жатып, отбасында кіршіксіз үйлесімділікке қол жеткізе алмауымыздың себебі неде?! Олар сүйіспеншіліксіз қалай тату да бақытты өмір сүрген?!» – деген ойлар толғандырады. Қазір заман басқа ғой – деген жауап бергеніміз дұрыс па?! Мәселе тек заманға ғана тіреліп тұр ма?! Ой елегінен өткізсем, ол кездегі өмір заңы тым қарапайым екен. Әке-отбасы тірегі, асыраушы. Шеше-екінші сағыда, үй тіршілігі мен тауқыметін тартушы, балаға жауапты, әрі жұмыс істеп, отбасының бірлігін нығайтушы, ол ешқашан күйеуіне ренжімейді, өзінің екінші екенін терең түйсінгендіктен де, өкпесін айтуға да қақысы жоқ. Әрбір отбасы мүшесі өз орнын нақты біледі. Әкелік билікке бағыну-ол кездің балалары үшін қалыпты жағдай еді. Олар «отбасы басшысы кім?» – деген сұраққа бас ауыртпайды. Онсыз да белгілі жайт.

Қазіргі ерлі-зайыптылардың жан-дүниесінде тыныштық жоқ. Әйел санасы бүтіндей өзгерді. Отағасының бетіне жел болып келіп, бір ауыз сөз айтпай өмірден озған менің шешемдей шешелердің қатары сиреді... Ішіп келген әкемді қара нардай қара кемпір аппақ төсекке жатқызады. Үйде қазан асылып жатады... Өрістен қойлар келіп жатады. Шешемде ләм-мим сөз жоқ. Бәріміз кешкі асқа тойған соң, ұйықтаймыз. «Ия, Алла мың да бір шүкіршілік...» деп күбірлейді жастыққа қисайып жатып ол. Рақат, керемет жайлылық. Үйде кішкентай мәселе бола қалса «әкелерің не дейді екен» – дейді шешем.

Ақылды жан өзінің ақылымен, парасатпайымымен-ақ отағасын өмір-бақи өзіне табындырып өтті. Халықтың болашағы өзіне қарап тұрғандығын, аналық парызын, халқының алдындағы қастерлі міндетін естен шығармаған, «тоғыз ай, он күн көтерген, еңбегінде еті өлген, мұздай бесік таянған, жыласаң шошып оянған» (Майлықожа) қазақ деген ұлттың тәрбиешісі асыл шешелерге мың тағзым!

Сарша Сүгірәлі,  
«Өзенмұнайгаз» АҚ  
қызметкері



СУРЕТ ИНТЕРНЕТТЕН АЛЫНДЫ

Наурыз



«Бұрғылау» ЖШС бір топ қызметкерлері:

– АНА-батырлықтың, батылдықтың, шыдамдылықтың, тұрақтылықтың, даналықтың, инабаттылықтың, парасаттылық пен ақылдылық, сезімталдық пен әсемдіктің көзі. АНА-әрбір адамның жарық дүниедегі ең жақыны, жанашыры, қадірлісі, қамқоршысы. Бала бойындағы ең жақсы қасиеттер балаға алдымен анадан тарайды. Жылына бір келетін аналар, қыз-келіншектер мерекесі құтты болсын. Басымыз аман, бауырымыз бүтін болсын!

## ГОРЯЧАЯ ЛИНИЯ!

Скажем коррупции  
СТОП!

АО «РД «КМГ» в рамках совершенствования корпоративных политик в области противодействия коррупции, внедрило «горячую линию», доступ к которой доступен 24 часа в сутки, 7 дней в неделю посредством электронной почты:

[report@seehearspeakup.co.uk](mailto:report@seehearspeakup.co.uk)

или на сайте:

[www.seehearspeakup.co.uk](http://www.seehearspeakup.co.uk)

также позвонив на следующие телефонные номера:

8 800 333 3574 (RU)

8 800 333 4233 (KZ)

8 800 333 4244 (ENG)

звонок бесплатный

Обращения, в том числе анонимные, поступающие на «горячую линию», рассматриваются Службой внутреннего аудита АО РД КМГ, иными структурными подразделениями, либо рабочими группами, обеспечивая надлежащий уровень независимости и объективности.

По поступившим в текущем году обращениям проведена соответствующая работа и приняты необходимые меры реагирования.

Сотрудникам гарантируется  
анонимность и конфиденциальность.

### МЕНШІК ИЕСІ:

«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ  
Газет Қазақстан Республикасы  
Мәдениет, ақпарат және спорт  
министрлігінде есепке қойылып,  
№ 6668-Г куәлігі берілген.

### Мекен-жайымыз:

010000, Астана қаласы,  
Қабанбай батыр даңғылы, 17 үй,  
15 қабат, 1509 бөлме.

✓ Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.

✓ Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және оны қайтармайды.

✓ «Мұнайлы мекен» газетінде жарияланған материалдар көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.

✓ Жарияланған суреттердің сапасына редакция жауап береді.

### Шығарылымды дайындауға қатысқандар:

Бақдәулет Төлеген – B.Tolegen@kmgep.kz

Жұмагүл Темірғали – Zh.Temirgali@kmgep.kz

Бибігүл Бөбекбай – Pdsdo@umg.kmgep.kz

Лаура Сулейменова – L.Suleimenova@emg.kmgep.kz

Ғалия Қаражанова – G.Karajanova@emg.kmgep.kz

Қосұйым Мұқашев – K.Mukashhev@emg.kmgep.kz

Жаңагүл Серікова – Zh.Serikova@kmgep.kz

Диана Қалқамбекова – D.Kalkambekova@kmgep.kz

Байланыс телефоны: +7 (7172) 97 78 93

Эл.почта: [munailymeken@kmgep.kz](mailto:munailymeken@kmgep.kz)

Газет айына 2 рет шығады,

Таралымы 5 000 дана

МЕРДІГЕР: «Samruk invest group» ЖШС

Астана қ-сы, Сарыарқа даңғылы,

41-үй, 476 кеңсе. Тел.: +7 (7172) 68 00 79

«Ақжар-АБК» ЖШС

Ақтөбе қ-сы, Қобыланды көшесі, 17

тел.: +7 (7132) 21 19 30